

«Бәйтерек» мектепалды даярлық тобының 2021-2022 оқу жылына қорытынды есебі.

2021-2022 оқу жылында «Бәйтерек» мектепалды даярлық тобында 24 бала бар. Оның ішінде 10 ер бала, 14 қыз бала.

2021-2022 оқу жылында оқу жоспарына және ұйымдастырылған оқу қызыметінің кестесі бойынша оқу – тәрбие жұмысы жүргізілді.

Пәндік – дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар бала өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін, материалдық- техникалық, санитарлық-гигиеналық, психологиялық-педагогикалық, эстетикалық жағдайлардың кешеніне сәйкес жасалды. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Әлеумет», «Шығармашылық» салаларына байланысты дамытушы орталар балалардың психологиялық, физикалық, денсаулық қамтамасыз етеді.

Қатынас білім беру саласы бойынша айтатын болсақ; жыл басында балалардың көпшілігі әріпті танымайтын, ойын ашық жеткізе алмайтын, ұяң болатын. Тілдері дұрыс дамымаған. Мәтіндер бойынша әңгімелеуді, ойларын толық жеткізуді үйренді. Тілдері жаттығып дыбыстарды дұрыс айтуға бейімделді.

Таным білім беру саласы бойынша көрсеткіштер; балалар 1 - 20 дейінгі сандарды таниды, 1 - 20 дейін сандарды қосып алады сонымен қатар пішіндерді таниды, ажырата алады. Мысалдар мен есептер құрастыра алады және оларды шеше алады.

Дамытушы орталықтар балалардың табысты дами білуін, белсенділігін, өзіне сенімділігін, шығармашылығын танытуына көп ықпалын тигізеді. Балаларға қауіпсіз, жайлы және қолайлы. Бұл пәндік дамытушы орталықтар жабдықталған, әрі қарай толықтыруды қажет етеді. Балалар бұл орталықтарда заттар мен ойыншықтарды еркін қолдана алады.Топта балаларға сюжетті-рөлдегі қажетті бұрыштар бар: «Монтессори», «Дәрігер», «Отбасы». Бұл ойындар арқылы әлеуметтік ортадағы жағымды мінез-құлық пен қатынасқа, диалог түрінде сөйлесуінде, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиеленеді.

Сонымен қатар балалардың ойлау, есте сақтау, зейіндерін дамытатын әр түрлі дамытушы ойындар жасалды. Топ қазақ тілінді жұмыс жасайды. Балалармен жас ерекшелігін ескере отырып, оқу жоспарына ұйымдастырылған оқу қызыметі жүргізілді. Мерекелік ертеңгіліктер мен көңілді сағаттар әр жыл мезгіліне, мерекеге байланысты жүргізіліп, балалар білімін, өнерін көрсетті. «Алтын күз», «Қош келдің, Жаңа жыл!», «Айналайын анашым!», «Наурыз мерекесі» музыка жетекшісінің бағдарламасы бойынша жүргізілді.

1сәуір алғыс айту күні «Айтамыз мың алғыс» атты тілек бұрышына балалар өз алғыс лебіздерін білдірді.

9 мамыр-жеңіс күніне байланысты өлеңдер, тақпақтар жаттадық. Сонымен қатар, балалар «Алия» музейіне барды. Балалармен «Жол ережесі» туралы ойындар, сұрақтар арқылы білімдерін тиянақтап отырдық.

Отбасымен ынтымақтаса отырып, бала тәрбиесінде оң нәтижелерге жету жолында бағыт –бағдар берілді. Бағдарламаға сүйене отырып, ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жасалды. Балабақшадағы баланың өмірімен танысып, ортақ қызығушылықтары мен туындаған қиыншылықтырды бірге кеңесе шешіп отырдық.

Қажетті ақпараттар, пікірлер, кеңестер берілді. «Отбасы-тәрбие бастауы», «Тәрбие неден басталады», «Бала құқығы», «Дені сау бала тәрбиелеу, ата-ананың міндеті».

Топта ана тілімен қатар орыс тілдері жүреді.Ұйымдастырылған оқу қызметінде осы тілдерді бекітіп, қайталап отырмыз. Орыс тілінде мерекелерде балалар қызығушылықпен әндер орындап жүрді.

Қорытындылай келе, балалардың даму деңгейі артты. Оны мына құзіреттілік қалыптасуынан көруге болады.

«Денсаулық» білім беру салалары бойынша құзіреттілік даму деңгейі

II деңгейі – 4,2%

III деңгейі – 98%

«Қатынас» білім беру салалары бойынша құзіреттілік даму деңгейі

II деңгейі – 16,6%

III деңгейі – 83,3%

«Таным» білім беру салалары бойынша құзіреттілік даму деңгейі

II деңгейі – 8,3%

III деңгейі – 91,6%

«Шығармашылық» білім беру салалары бойынша құзіреттілік даму деңгейі

II деңгейі – 0%

III деңгейі – 100%

«Әлеумет» білім беру салалары бойынша құзіреттілік даму деңгейі

II деңгейі – 12,5%

III деңгейі – 87,5%

Мектепалды даярлық
тобының тәрбиешілері:

Зулкакова Л.А.
Намазбаева Г.А.